

**«Ғ.Садвақасов атындағы Үлкен Ақсу орта мектебі
мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ**

Дүниетану

3 «А» сыныбы

Мұғалімі М.Ибрагимова

Топырақтың қасиеті және оның түрлері.



Сабақтың мақсаты:

- а) **Білімділік:** Оқушылардың топырақ туралы түсініктерін кеңейту, топырақтың негізгі қасиеттері, құрамы туралы білімін шыңдау.
- ә) **Дамытушылық:** Тәжірибе жұмысын жүргізу арқылы оқушылардың жан-жақты ойлау қабілетін дамыта отырып, біліктілігін, дағдыларын арттыру.
- б) **Тәрбиелік:** Патриоттыққа, табиғатты аялауға тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже:

А) Топырақтың түрлері мен қасиеттерін түсіндіреді.

Ә) Топырақтың құрамын, оның қалай пайда болатынын тәжірибе арқылы анықтайды.

Б) Салыстырады, сипаттайды, тұжырым жасайды

Сабақтың типі: аралас сабақ

Сабақтың әдісі: ассоциация құру, ой қозғау, топтық жұмыс, тәжірибе жасау, мағынаны тану, «Өрмекші» ойыны

Сабақтың көрнекілігі: слайд, бағалау парағы, ойын, тірек сызбалар, тәжірибе құралдары, өлең

I. Ұйымдастыру кезеңі
Психологиялық дайындық
«Шаттық шеңбер» құру

Табиғат –тіршіліктің тұнып тұрған,

Сен-күнің көтерілген күліп қырдан.

Сен-көлсің, сен –ормансың, сен –

бұлбұлсың,



Адамды сұлулыққа құнықтырған

II. Өткенді

Өрнекші айналы. қайталау.

1. Пайдалы қазбаларға не жатады?
2. Пайдалы қазбалар неше топқа бөлінеді? Оларды ата?
3. Кен орны деп қандай жерді атаймыз?
4. Пайдалы қазба дегеніміз не?
5. Пайдалы қазбаларды қорғау үшін не істеу керек?



**III. Жаңа сабақтың мақсаты
және күтілетін нәтижелерімен
таныстыру**

IV. Мағынаны тану



Топырақтан өмір иісі шығады,
Оны денең тиіп кетсе ұғады.
Еңбегіңді есесінен беретін,
Жақсылық та топырақтан шығады.

Балалар топырақты білесіңдер ме?

Ол қайда болады?

Топырақ қандай болады?

Түстерін атай аласыңдар ма?



Табиғатта өсімдіктің жайқалып өсіп, сән беріп тұруы топыраққа байланысты.

Адам өмірі де топырақпен байланысты.

Адамның көптеген тағамы өсімдіктен алынады.

Дәрі-дәрмек пен тағам ретінде пайдаланатын өсімдіктер қаншама.



Жануарлар мен өсімдіктерсіз адамның тіршілік етуі қиын.

Топырақ арасынан жануарлар өзіне ін қазып, баспана жасайды

Сен білесіңбе?

Жерге тастаған қағаз бойына су тартып, 1 жылдан кейін топыраққа сіңіп кетеді.

Бос консерві қалбырын тот басады да, 10 – 15 жылдан соң ғана үгітіліп, жерге сіңіп кетеді.

Полиэтилен қалташалар топырақта 100 жылға дейін жатады.

Шыны қалдықтары мәңгі сақталады.

Ү. Оқулықпен жұмыс. Тәжірибе өткізу

Ой қозғау

1 топ тәжірибесі.

Топырақты мұқият қарайық.

Не байқадық?



**Топырақтың ішінде
өсімдіктердің ұсақ
бөлшектері, жәндіктердің
қалдықтары, құрттардың
бар екенін көреміз.
(Топырақта шірік бар)**



2-топ тәжірибесі

Бір кесек кебу топырақты стақанға суға салайық. Не байқаймыз? Көпіршіп шыққан не? Топырақты стақандағы суға салып, араластырайық. Лайланған суды тұндыруға қойдық. Біраздан кейін стақан түбінде шөккен шөгіндіні байқаймыз. Тұнбаның астына құм, бет жағына саз шөгеді.

Бұл тәжірибеден не білдік?



3-тәжірибе.

Бір уыс топырақты темір қалбырға салайық. Отқа қойып қыздырайық. Оның үстіне шыны ұстайық. Шынының астыңғы бетінде су тамшысы пайда болады. Ол қайдан шықты?





ҮІ. Сергіту сәті



Ал, балалар, бір ауық
Дұрыс - бұрысты ұғалық,
Дұрыс болса, отырып
Бұрыс болса, қол соғалық.
Су - сұйық (отыр),
Су - қатпайды(соқ).
Сумен жуынамыз (отыр),
Суды жейміз (соқ).
Суды ішеміз (отыр),
Ауаны жұтамыз (отыр).
Ауаны жейміз (соқ),
Ауаны көреміз (соқ)



2015.02.09 15:45

30.12.05.00 12:42



Топырақ құраушы факторлар.



Миға шабуыл

1) Топырақ дегеніміз не?

(топырақ дегеніміз – Су, ауа, жылу, өсімдік және тірі ағзалардың әсерінен, тау жыныстардың үгілу нәтижесінде жер қыртысының беткі қабатында пайда болған ерекше табиғи құрылым.

2) Топырақ құраушы факторларды атаңдар?

(су, ауа, жылу, өсімдік, тірі ағзалар әсері, тау жыныстарының үгілуі)

3) Топырақтың механикалық құрамына нелер жатады?

(топырақтың механикалық құрамына топырақтың ірілі және кішілі минерал бөлшектерінің жиынтығы жатады.)

4) Топырақтың кара шірігі қалай пайда болады?

(жануарлар дүниесі өздерінің тіршілік әрекетінің нәтижесінде топырақты байытады да шірінді мөлшерін көбейте түседі)

ҮІІ. Сабақты қорыту. Рефлексия



Берілген сөз тіркесін таңдап, өз пікіріңмен аяқта.

Ең қызықты болғаны

Маған ой салғаны.....

Мен мынадай сезімде болдым.....

Маған ұнағаны.....

Мені мазалағаны.....

Бәрінен кереметі.....

ҮІІ. Бағалау . (бағалау парақтары
бойынша)

IX. Үйге тапсырма.

Дәптерлеріңе топырақтың қасиетін анықтау үшін жасалған тәжірибелердің суретін салып келу.

77-82 беттегі Топырақтың ерекшелігі және оның түрлерін оқу, мазмұнын айту.